

**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА  
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.  
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ  
БАСТАУЫ**

Беркли, Смит, Рид





## Беркли

Лейбництің өмірінің соңғы жылдарында ғылым кеңістігінде дарынды жас ойшылдың пайда болғанын көрсететін бірнеше еңбек жарыққа шықты. Ол еңбектердің авторы – Джордж Беркли еді. 1685 жылы Ирландиядағы Килкенни маңында дүниеге келген ол кейін осы аралдан шыққан ең талантты философ болды. 15 жасында Тринити-колледжге түскен Беркли бакалавр дәрежесін алды және математикадан жазған екі шығармасының негізінде колледж қызметкері болып жұмысқа қабылданды. Лейбництен айырмашылығы – ол өзінің ең үздік философиялық шығармаларын жас кезінде, жиырма төрт пен жиырма сегіз жас аралығында жазды.

Берклидің «Көрудің жаңа теориясының тәжірибесі» атты еңбегі 1709 жылы жарияланды. Бұл шығармада көрініп тұрған объектілердің арақашықтығы мен өлшемін қалай бағалайтынымыз туралы баяндалған. Арақашықтық «көздің соңындағы сызық бола отырып», өздігінен көрінбейді: біз оны сыртқы визуалды түр айқындығының деңгейі арқылы, сонымен қатар көзіміз толық көруге ұмтылғанда сезінетін түйсіктеріміз бойынша бағалаймыз. Өлшемді визуалды қабылдауды қарастырғанымызда, біз көрінетін көлем мен нақты сезілетін көлемді айырып қарауға тиіспіз. «Көру арқылы қабылданатын объектілердің екі түрі бар, олардың әрқайсысының өзіндік белгілі бір көлемі немесе кеңеюі болады – біреуі сезіледі, яғни сипау арқылы өлшенеді, көру аясына бірден кірмейді; екіншісі – дұрыс және бірден көрінеді, ол арқылы біріншісі көру аясына кіргізіледі», – деп түсіндірді Беркли. Мысалы, Айдың көрінетін аумағы оның көкжиектен қашықтығына байланысты өзгереді, бірақ оның нақты көзге түсетін көлемі тұрақты болып қала береді. Алайда әдетте дәл осы көрінетін, визуалды көлем арқылы біз сезілетін көлемді бағалаймыз. Өлшем тұрғысынан да, қашықтық тұрғысынан алғанда да, Берклидің талқылауы эмпирикалық қорытындыға алып келеді: визуалды пікірлеріміз түйсіктер арасындағы байланыс тәжірибесіне негізделген. Берклидің өзі оны былай сипаттайды:

«Қашықтықты қалай көрсек, көлемді де солай көреміз. Адамның түрінен ұят пен ашуды аңғаратынымыз сияқты, мына екеуін де көре аламыз. Ұят пен ашу өздігінен көрінбейді, бірақ көзіміз оларды түстер арқылы және жүзіміздің өзгеруі бойынша ажыратады: олар – көрудің тікелей объектісі, ұятпен, ашумен қатар жүретіндіктен ғана осы сезімдерді білдіреді. Тәжірибе болмаса, біз ұялған кезімізде қуанғандағымыздай қызармауымыз керек еді».

Көру арқылы бағаланатын форма мен сипау арқылы сезілетін форманың арасындағы байланыс тәжірибеде ғана зерттеледі. Шындығына келгенде, көрінетін дөңгелек зат пен сезілетін доғал нәрсенің арасында ортақ ештеңе жоқ. Дүниеге соқыр болып келіп, сипалау арқылы ғана кубты шардан айырып үйренген адам, егер оның көру қабілеті аяқастынан қалпына келсе, жалғыз өзі қарап отырып, үстел үстіндегі екі заттың қайсысы куб, қайсысы шар екенін айта алмас еді. Беркли Локктың ізімен осылай тұжырымдады.

«Жаңа теорияның» экспериментті психологияға, сонымен қатар ақыл-ой философиясына қосылған үлес болғаны сөзсіз. Мысалы, осының алдында баяндаған тезисіміз концептуалды сараптаудың бөлігі болып саналмайды, оны экспериментті түрде ғана тексеруге болады.

Берклидің 1710 жылы жарық көрген келесі еңбегі – «Адам білімінің негіздері» немесе ағылшынша Principles of Human Knowledge атты туындысы тым сан қилы мәселелерді қарастырды. Соның ішінде, мысалы, ол «материя ұғымы жоқ» деген таңғаларлық тезисті ұсынып, керемет қорғап шықты. Кітап жарық көрген бойда оны оқып шыққан Лейбництің өзі естен тана жаздады. «Мұндағы көп ойлар маған дұрыс сияқты көрінеді» деп жазды ол өзінің шолуында. Алайда бұл жерде ойлардың өте тосын баяндалғаны рас. Себебі «материя дегеніміз – ештеңе» деп айтуға қажеттілік жоқ. Бұл кемпірқосақ секілді құбылыс десек, жеткілікті.

1713 жылы ағылшын тілінде жазылған ең ғажайып философиялық туынды саналатын шағын еңбек – Гилас пен Филон арасында өрбитін «Үш диалогта» Берклидің бейматериализмі қайта көрініс тапты. Бұл екеуінің сөзсайысында сананың ғашығы Филон материяның жақтаушысы Хиластан басым түседі. Дәлелдеу төрт кезеңге созылады. Біріншісінде ақыл-ойға қонымды қасиеттердің бәрі де – идеялар екені тұжырымдалады. Екіншісінде самарқау материя ұғымы сын тезіне салынады. Үшіншісінде Құдайдың бар екеніне дәлелдер келтіріледі. Ең соңында, қарапайым тіл бейматериалистік метафизикаға сәйкес қайта қарастырылады. Ақырында Гилас ағаштар мен орындықтардың Құдай біздің санамызда тудырған идеялар екеніне, оларды үздіксіз тіршілік ахуалында ұстап тұратын жалғыз ұстын – Жаратқанның өз құдіреті екеніне келісіп тынады.



Берклидің теориялық философия бағытындағы соңғы туындысы – латынша жазылып, 1712 жылы жарияланған қозғалыс туралы трактаты. Осы кезде оның Ирландия протестанттық шіркеуінің діни қызметшісі болып жұмыс істеп жатқанына екі жыл болған еді. Ол ара-тұра Лондонға баратын, сол жерде Александр Поуппен достасты және оны Джонатан Свифт сарайға таныстырды. 1714 жылы ол континентті аралап, ғаламат саяхат жасады, қыс ортасында Альпині ашық орындықта отырып бағындырды, оны «ержүрек адамның жүрегін еріксіз ерітерліктей биік, жартасты, айтарлықтай тік» Мон-Сени қатты тамсандырды.

1724 жылы Дерри қаласының басшысы болған Беркли Тринитидегі бауырластықтан кетті. Көп ұзамай континенттік Америкадағы британ колонистерінің балаларын жергілікті америкалықтармен бірге оқыту және діни білім беру үшін Бермуд аралдарында колледж ашу жоспарын ойластырды. Ол күндердің күнінде өркениетті әлемді басқару Американың қолына өтетінін алдын ала болжап, «Америкадағы өнер мен білім берудің болашағы туралы» өлеңінде:

«Империя батыс жақты шабады,  
Аяқталды алдындағы төрт акті.  
Бесіншісі шымылдықты жабады:  
Бекзат болар ең соңғысы ұрпақтың», – деп жазды.

Беркли өзінің колледжіне қолдаушылар тапты, оған 20 000 фунт стерлинг көлемінде парламенттің гранты беріледі деп уәде етілді. Ол 1728 жылы Атлантикаға аттанды. Ньюпортқа, Рой-Айлендке жеткен соң, көп ұзамай сол жерлерді академиясы үшін ең қолайлы деп шешті. Алайда уәде етілген грант ақырында берілмеді де, ол 1731 жылы ештеңе бітірместен Англияға оралды. Дегенмен Құрама Штаттардың азаматтары өз ата-бабаларына оның жасаған қамқорлығын ұмытпай, Берклидің есімі Йельдегі колледж бен Калифорниядағы университет қалашығына берілді. Мен сол университетте екі рет ғылыми-тағылымдамадан өттім. Бұл әлемнің 10 үздік университеттерінің қатарына кіретін тамаша бір оқу орны.

Беркли 1734 жылы Клойн епископы болып тағайындалды. Ол ісіне адал епископ болса да, оның шіркеу қызметшісі ретіндегі міндеті аса қиын емес-ті, сондықтан ол өз уақытын Шайыр-Судың ізгі қасиеттерін насихаттауға арнады. Оның пікірінше, бұл су адам ауруларының басым көпшілігінен айықтыра алады. Шайыр-Су қарағайдың қабығынан дайындалатын, Беркли Америкада оның шешекке қарсы ем ретінде қолданылатынын көрген еді. Ол өзінің «Сейрис» деп аталатын трактатында: «Табиғат сондай жұмсақ та жомарт және адамның дене құрылысына – қыздырмай жылытатындай, мас болмай, шаттанатындай – үйлесімді», – деп жазды. Оның сөздерін кейінірек Каупер деген ақын ұрлап алып, шайды мадақтауға пайдаланды.

1749 жылы Беркли «Данышпанға сөз» (A Word to the Wise) шығармасын жазды. Ол бұл еңбегінде өз епархиясындағы Рим-католик дінбасылығын отандастарының тұқымында бар жалқаулықтан арылтып, Ирландияның экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған ұмтылысын қолдауға шақырады. Үш жыл өткен соң үкімет оған табысы бұрынғыдан молырақ қызмет ұсынды, бірақ Беркли одан бас тартып, Оксфордқа қоныс аударып, оқшау ғұмыр кешті. Өмірінің соңғы жылын ол Холиуэлл-Стриттегі жұпыны үйінде өткізді. Ол 1753 жылдың басында әйелінің Киелі кітапты оқығанын тыңдай отырып, дүниеден өтті; сүйегі Христ храмында жерленді, ескерткіші қазірге дейін сонда тұр.

«Материя жоқ, материалдық объектілер дегеніміз – Құдай анда-санда бізбен бөлісіп отыратын идеялар» деген таңғаларлық тезисі үшін тек философиялық орта ғана емес, жалпы жұртшылық та Берклиді ұзақ уақыт еске алып отырды. Оның «болу дегеніміз – қабылдану» тезисіне көп сілтеме жасалып, көп келемеж етілетін. Сэмюэл Джонсон сияқты кей кісілер оның ілімі керемет деп ойлады; ал ақын Артур Хью Клаф сияқтылар оның ілімі өмірімізді түк те өзгерткен жоқ деп есептеді.

Джеймс Босуэлл болса, Джонсон екеуі зираттың басында Берклидің имматериализмін қалай талқылағанын сипаттайды: «Мен «біз сенің іліміңнің дұрыс еместігін білсек те, оны теріске шығару мүмкін емес» дедім. Сондағы Джонсонның аяғымен үлкен тасты қатты теуіп, ұшырып жіберіп: «Мен оны осылайша терістеймін», – деп қызбалана жауап бергенін ешқашан ұмытпаймын».

Клафтың «Dipsychus» трагедиясында жас кейіпкер Құдаймен жалғыз сырласудың мінсіз жолын ұстанады. Оның сұхбаттасы, күнделікті тұрмыстың дана тәжірибесінің дауысы мұны қинала қабылдайды.



## Смит және Рид

Адам Смиттің философия тарихында емес, экономика тарихында өзіндік орны бар, алайда ол Глазго университетінде логика және мораль философиясы кафедрасын басқарды, ал 1759 жылы «Моральдық сезімдер теориясын» (Theory of Moral Sentiments) атты еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде ол іш тартудың күрделі сараптамасын жасады, оның моральдық пайымдарымыздың негізгі элементі ретіндегі рөлін атап көрсетті. Юм үшін іш тарту, жылы шырай таныту рақатты немесе ауруды басқамен бөлісу болса, Смиттің пікірінше, оның ауқымы кең және кез келген құмарлықты бөлісуден туындай алады. Сонымен, біздің әділет жайында алаңдауымыз құрбан болған адамның ренішіне жанашырлық білдіруден пайда болады. Біздің мейірімді жылы шырайымыз берушінің жомарттығынан да, алушының алғысынан да туындайды. Моральдық пайымның қалыптасуындағы іш тартудың рөліне байланысты әрекеттің себебі оның нәтижесіне қарағанда көбірек маңызға ие; яғни пайдалылық экономикада маңызы жағынан бірінші орында тұрса да, моральдың ақырғы өлшемі саналмайды. «Ақылдың пайдалылығы – біздің мақұлдауымыздың алғашқы негізі болуы сирек кездеседі, мақұлдау сезімінің құрамында әрқашан әдептілік сезімі бар, ол пайдалылықты қабылдаудан мүлдем бөлек».

«Моральдық сот, – дейді ол, – шынына келгенде, әлеуметтік құбылыс: елсіз аралда өскен адам бетінің әдемілігі немесе ұсқынсыздығынан басқа өз мінез-құлқының, іс-әрекетінің дұрыстығы мен бұрыстығы, ақыл-ойының тартымдылығы мен сиықсыздығы туралы ойлай алмайтын». Бізге өзімізді көрсететін қоғам айнасы қажет: егер біз қандай да бір түрде олардан алыстай алмасақ, өз сезімдеріміз бен себептерімізге баға бере алмаймыз, яғни Адам Смит оны былай жеткізеді:

«Мен өзімді екі адамға бөлгендей боламын... біріншісі – көрермен, өзімді соның орнына қоя отырып, оның менің мінез-құлқыма қатысты сезімдеріне енуге және нақты осы көзқарас тұрғысынан қарастырғанда менің қалай көрінетінімді байқауға тырысамын. Екіншісі – өкіл, өзімді осылайша атағаным жөн деп шештім, мен көрерменнің мінез-құлқына сәйкес, қандай да бір пікір қалыптастыруға ұмтылдым».

Смит осылайша этикаға енгізген бұл кейіпкер, бейтарап көрермен, адамгершілік туралы пайымдаған кейінгі философтардың еңбектерінде жиі көрінуге тиіс еді.

Адам Смит Юмге қайран қалып, таңдана отырып, оның философиялық идеяларының кейбірін достық ниетпен дамытса, оның Глазгодағы ізбасары, мораль философиясының профессоры Томас Рид Юмді ғана емес, ол кіретін бүкіл дәстүрді әу бастан аяусыз сынаушылардың бірі болды. 1764 жылы ол Юмнің трактатына қарсы жауап ретінде «Адам санасындағы қисынды мағына қағидалары туралы зерттеуін» жариялады, содан кейін 1780 жылдары адамның интеллектуалды және белсенді күші туралы екі очерк жазды. Юм зерттеулерінің нәтижесінде тұжырымдалған тосын түйіндердің ықпалымен Рид оның бастапқы негізгі қағидаларына, атап айтқанда, британдық эмпириктерге де, континенттік картезиандықтарға да ортақ идеялар жүйесіне күмәндана бастады. Бұл жерде Рид мынадай ойымен бөліседі:

«Біз Декарттан бастап епископ Берклиге дейінгі ең мықты философтарды тауып, материалдық дүниенің бар екенін дәлелдейтін дәйек жинағанымызда, ешкім де сынақтан өте алмасы анық; дәуірдің ең күшті метафизиктері епископ Беркли мен мистер Юм: «Ғаламда материя деген ештеңе жоқ, Күн, Ай, жұлдыздар, біз өмір сүріп жатқан Жер, өзіміздің денелеріміз және достарымыздың денелері – санамыздағы идеялар ғана бар, олар өмір сүрмейді, тек ойымызда ғана болады», – деп пайымдаған екен; соңғы тұжырымды – «дене де, ақыл да жоқ, табиғатта идеялар мен әсерлерден басқа ештеңе болмайды, олардың нақты өмір сүретініне сенімділік жоқ немесе тіпті математикалық аксиомаларда да ықтималдық жоқ» деген тұжырымды естігенде, мен былай деймін: ең мықты деген авторлардың осы тақырыпқа жазған былжырағын қарастырған кезде, оның бәрі өздерінің өрмегінде шатасып, біздің миымызды ашытып отырған нақұрыс адамдардың армандары ғана деп ойлауға бейімбіз».

«Бүкіл қазіргі заманғы философия, егер оның алғашқы принципі жалған болса, тіпті ең ақылды деген адамдардың да адасуы мүмкін екенін көрсетеді», – дейді Рид.

Рид Декарт пен Локктың «идея» сөзінің екіұштылығынан туындайтын негізгі қатесін дәл атап көрсетеді. Қарапайым тілде «идея» сананың әрекетін; бірдеңе туралы түсініктің болуын,



яғни ойлау, ол туралы ұғымға ие болуды білдіреді. «Алайда философтар оған түрлі мағына берді», – дейді Рид. Бұл мағынаға сәйкес «ол – сананың біз ой немесе тұжырым деп атайтын әрекеті емес, ойдың белгісіз бір объектісі». Әуелі заттардың қарапайым бейнелері немесе хабаршылары ретінде енгізілетін идеялар ақыр соңында өздері бейнелеп отырған нәрселерді түгел ығыстырып шығарады немесе өздерінен басқаның бәрін бұзады: «идеялардың табиғатында өздерінен басқа тіршілік етушілерге деген дұшпандық әлдене бар секілді».

Ридтің ойынша, философиялық мағынадағы идеялар – сана мен дүниенің арасындағы делдал, ойдан шығарылған бірдеңе. Әрине, бізде көп заттың тұжырымдамасы бар, алайда тұжырымдамалар – бейнелер емес, білімді құрастыратын негізгі бөлік болып та саналмайды, «байлам» десек, соған жуықтайды. Локктың ізбасарлары білім жалаң ұғымдардан немесе «қарапайым түсініктерден» тұрады деп есептейді, оларды біз кейін сенім мен пайым қалыптастыру үшін біріктіреміз. Бірақ бұл – заттарға деген бұрыс көзқарас. «Сенім немесе білім қарапайым түсініктерді біріктіре отырып алынады деудің орнына, біз қарапайым түсінік табиғи және бастапқы пайымды шешіп, сараптау арқылы жүзеге асырылады деуге тиіспіз». «Тұжырымдамалар логикалық түрде пікірлерден құрастырылады және оларды сараптаудың нәтижесі саналады» деген тезис ХХ ғасырдың кейбір аналитикалық философтары кең қолданған доктринаны алдын ала болжай білді.

«Ағашты көріп тұрған кезімде, – деп тұжырымдайды Рид, – мен ол туралы қарапайым түсінік алмаймын; менің ағашты көруім ол белгілі бір формада, өлшемде және орында өмір сүреді деген пайымнан тұрады». Ойдың алғашқы іргетасы – байланыссыз идеялардың жиынтығы емес, «бастапқы және табиғи пайымдардың» жиынтығы. Олар Рид «адамзаттың жалпыға ортақ көзқарасы» деп атайтын ұғымды құрайды. «Жалпыға ортақ көзқарасты» Ридке дейінгі философтар әдетте түрлі сыртқы сезімдер берген мәндік мәліметтерді айырып, біріктіретін ішкі сезімдерді белгілеу үшін қолданған еді. Ал Рид осы сөзге қазіргі мәнін – жалпы қабылданған, негізсіз қағидалардың қоймасы ретіндегі мағынасын берді. «Адамзаттың басым көпшілігінде, – дейді Рид, – ақыл-ойдың осыдан жоғары деңгейі жоқ, бірақ бұл – көктен берілген әмбебап сый».

Рид пікірлердің негізі ретінде қарастыратын жалпы қағидалардың арасында британдық эмпириктер баяндаған принциптер де бар. Ол Берклиге қарсы шығып, «өлшем, форма және қозғалыс материалдық заттарға тән» деп тұжырымдайды. Екінші дәрежелі сапалар да нақты сапа саналады дей келе, ол Локкпен келіспейтінін білдіреді: заттың мен көріп тұрған түсі менің түйсігіммен бірдей емес, алайда ол – осы түйсіктің себебі. Юмге қарсы шыға отырып, ол «біздің зерделі ойларымызда өзіміз сана деп атайтын нәрсе болуы тиіс» деп тұжырымдайды. Рид тіршілік ете бастаған нәрсенің бәрінің оларды туындатқан себебі болуы тиіс деген принципті қайталайды.

Юм тұрпайы түсініктер, мысалы, объектілер қабылданбай-ақ өмір сүре береді деген наным туралы жағымсыз сипатта жиі жазатын. Рид философтар тұрпайы түсініктерді жек көреді, олар сөздердің мағыналарын жасырын өзгерткендіктен ғана өз нанымынан айнып кете алады деп есептейді. Ридтің өз сөзімен айтсақ: «Әрине, олар күн сайын көріп, танитындарына тұрпайы деген атау бере алады; философтар алдын ала ескертпей, сөздің жалпы мағынасын өзгерткенде, оларды тілді дұрыс қолданбады деп айыптау әділ сияқты».

Рид «қисынды мағына мен философияның арасындағы тең емес жарыста философия ұятқа қалып, жеңіледі» дейді. Бұл сөздерді ғылым мен техникаға қарсы шыққан тоғышар Луддиттің сөздері сияқты қабылдамау керек. Өзі ізашары болған тіл философтары тәрізді, ол пікірлердің ақиқаттығын немесе жалғандығын емес, сөздердің мағынасын құрметтегенде ғана соңғы сөз айту құқы көшеде өмір сүретін адамға беріледі деп есептеді. Ол «қисынды мағына» туралы сөз еткенде халықтың табиғат жайлы наным-сенімін немесе қартайған әйелдердің өсек-аяңын емес, басқа философтар ақыл-ой интуициясы деп ұсынған өзінен-өзі айқын принциптерін айтып тұр. Ғылымның өзі қарапайым қисынды мағынаның емес, оның аясында жүргізілетін рационалды зерттеудің ісі және ғылыми зерттеудің нәтижелері тұрпайы жеке наным-сенімдерді басып оза алады. Ридтің өзі көзге көрініп тұрған объектілер геометриясында айрықша нәтижелер берген ғалым-экспериментші болды, ол нәтиженің кейбірі евклидтік емес геометрияның дамуын алдын ала болжады. Өз философиясында ол қарапайым адамның реализмі рационалистер мен эмпириктердің шебер құрастырылған софистикалық философиясы сияқты ең аз дегенде ғылымға ұмтылыспен үйлесімді екенін көрсеткісі келді.